



"Тігін өндірісі және киімді модельдеу" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 456 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 мамырда № 9399 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген "Тігін өндірісі және киімді модельдеу" кәсібистандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.А. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа технологиялар

министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі

_____ Т. Дүйсенова

2014 жылғы 26 наурыз

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің міндетін атқарушының
2013 жылғы 30 желтоқсандағы
№ 456 бұйрығымен бекітілген

"Тігін өндірісі және киімді модельдеу"

кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Тігін өндірісі және киімді модельдеу" кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және:

1) еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды белгілеуге;

2) қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;

3) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

4) кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) кәсіби даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б. функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

4. Осы КС-да келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – орындалатын жұмыстардың күрделілігін, дербестігі мен жауапкершілігін сипаттайтын қызметкердің біліктілігіне (құзыреттеріне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралдары – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – кәсіби қызмет саласының еңбек функцияларының тұтастай жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттерден қалыптасқан құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріс арқылы анықталатын және оларды еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының біріктірілген және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы ықпалдасқан негізі (ұқсас және мақсаттылығы жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер мен еңбек функцияларының жинағын көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби қызметтің нақты саласындағы қызметкердің еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзырет – қызметкердің еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – жұмыс берушінің лауазымдық өкілеттіліктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген құрылымдық бірлігі;

13) міндет - нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып, еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

14) сала - өнім шығаруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – еңбек қызметінің белгілі түрі қызметкерінің кәсіби қызметтің сол немесе өзге саласы шеңберінде орындайтын еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымдалған сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызметтің түрі: Тігін өндірісі және киімді модельдеу.

6. Кәсіби қызмет саласы: Тігін өндірісі.

7. Кәсіби қызмет саласының негізгі мақсаты: кестелеу, сызба үлгілерді пішу, модельдеу, дайындау, тігу.

8. Кәсіби қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында көрсетілген.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптерінің) карточкалары

1-параграф. Кестеші

9. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

10. Мүмкін болатын лауазым атауы:
кестеші.

11. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – түрлі ассортименттегі бұйымдарды кестелеу.

12. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

13. Кестешінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

14. Кестеші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

15. Кестеші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

16. Кестешінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-7-кестелерінде көрсетілген.

2-параграф. Тігіп пішуші

17. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3-4.

18. Мүмкін болатын лауазым атауы:
тігіп пішуші.

19. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – тоқыма материалды пішу.

20. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

21. Тігіп пішушінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

22. Тігіп пішуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

23. Тігіп пішуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

24. Тігіп пішушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-6-кестелерінде көрсетілген.

3-параграф. Техник-технолог

25. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4.

26. Мүмкін болатын лауазым атауы:
техник-технолог.

27. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – жоғары сапалы тігін бұйымдары өндірісін нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес ұйымдастыру.

28. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

29. Техник-технологтың еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

30. Техник-технолог орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

31. Техник-технолог орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

32. Техник-технологтың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-6-кестелерінде көрсетілген.

4-параграф. Модельер-конструктор

33. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4.

34. Мүмкін болатын лауазым атауы:
модельер-конструктор.

35. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – бұйымды дайындауға модельдік құрастырмаларды дайындау.

36. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

37. Модельер-конструктордың еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

38. Модельер-конструктор орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

39. Модельер-конструктор орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

40. Модельер-конструктордың құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

5-параграф. Бас киім модашысы

41. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 3-4.

42. Мүмкін болатын лауазым атауы:

бас киім модашысы.

43. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – бас киім дайындау.

44. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС

6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

45. Бас киім модашысының еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

46. Бас киім модашысы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

47. Бас киім модашысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

48. Бас киім модашысының құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

6-параграф. Тігінші

49. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

50. Мүмкін болатын лауазым атауы:

тігінші.

51. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – табиғи, синтетикалық және аралас маталардан, тоқыма маталардан жеке тапсырыстар бойынша, эталон үлгілер, түрлі мақсаттағы киім бұйымдарының үлгілері бойынша конструктивтік тұрғыдан әртүрлі киім үлгілерін тігу.

52. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

53. Тігіншінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

54. Тігінші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

55. Тігінші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

56. Тігіншінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5-7-кестелерінде көрсетілген.

7-параграф. Тігуші

57. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

58. Мүмкін болатын лауазым атауы:
тігуші.

59. Орындалатын еңбек функциясының жалпыланған сипаттамасы – машинада немесе қолмен түрлі материалдан бұйым тігу операцияларын орындау.

60. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

61. Тігушінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

62. Тігуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

63. Тігуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

64. Тігушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5-7-кестелерінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілері

65. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі КС әзірлеушісі болып табылады.

66. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 9-қосымшасында келтірілген.

"Тігін өндірісі және киімді модельдеу"
кәсіби стандартына 1-қосымша

Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

Реттік №	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының бағыттары ескерілген кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес кәсіп атауы	СБШ сәйкес біліктілік деңгейі

1	Түрлі асортименттегі бұйымдарды кестелеу	Кестеші	Кестеші	2-4
2	Тоқыма материалды пішу	Тіріп пішуші	Киім пішуші	3-4
3	Жоғары сапалы тігін бұйымдары өндірісін нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес ұйымдастыру	техник-технолог	техник-технолог	4
4	Бұйымды дайындауға модельдік құрастырмаларды дайындау	модельер-конструктор	модельер-конструктор	4
5	Бас киім дайындау	Бас киім модашысы	Бас киім модашысы	3-4
6	Жеке тапсырыстар бойынша, эталон үлгілер, табиғи, синтетикалық және аралас маталардан, тоқыма маталардан конструктивтік ыңғайдан әр түрлі, түрлі мақсаттағы киім бұйымдарының үлгілері бойынша киім тігу	тігінші	тігінші	2-4
7	Машинада немесе қолмен түрлі материалдан бұйым тігу операцияларын орынай білу	тігуші	тігуші	2-4

"Тігін өндірісі және киімді модельдеу"
кәсіби стандартына 2-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуіші (КМЖ)	
Базалық топ	7443 – кестеші
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	46-шығарылым, "Тігін өндірісі" (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы "24" желтоқсандағы № 493-ө-м бұйрығымен бекітілген)
БТБА бойынша кәсіп	Кестеші (1-6)
ҰБШ біліктілік деңгейі	

2	1-2
3	3-4
4	5-6

2-кесте. Кестешінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)		Тігін кәсіпорындарындағы жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы		жоқ
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары		Медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқ болуы (086 нысан бойынша анықтама), ТҚ бойынша нұсқамадан өту
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Практикалық тәжірибе немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) не /немесе ересектерді қайта даярлау	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибе не/немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).	СБШ 2-деңгейінде кем дегенде 1 жыл
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.	СБШ 3-деңгейінде кем дегенде 3 жыл

3-кесте. Кестеші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірліктері)
1	Материалдар мен тиісті құрылғыларды дайындау
2	Түрлі ассортименттегі бұйымды тігу
3	Алынған үлгінің сапасын тексеру

4-кесте. Кестеші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Материалдар	Қайталама престеу	1-1) Материалдарды дайындау немесе қосарлау
	Трафарет, бор, кқарындашы	үстел	1-2) Трафаретке сәйкес бормен суреттеу

2	Кестеге арналған жіптер, материал	Трафарет, бор, компьютерлік бағдарламалар	2-1) Түрлі ассортименттегі кестені тігу
3	Сызба жүйелері, нормативтік құжаттар	Құрылғылар	3-1) Кесте сапасын тексеру

5-кесте. СБШ бойынша 2-біліктілік деңгейіндегі кестешінің құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
1-1)	Қосарлау операциясы кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Материалды дайындау және бөлшектерді қосарлау	Қосарлау әдістері мен параметрлері
1-2)	Суретті бормен сызу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Трафаретке сәйкес суретті бормен салу	Тиісті трафареттер бойынша бормен сызуға қойылатын талаптар

6-кесте. СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейіндегі кестешінің құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
2-1)	Бұйымдарды кестелеу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Машиналарда немесе қолмен материалдарға аса күрделі көркем, түрлі түсті өрнектер тігіп салу	Түрлі өрнек пен сурет түрлерін түрлі тігіспен және техника түрімен тігу әдістері мен тәсілдерін білу; қолданылатын машиналардың конструктивтік ерекшеліктері мен пайдалану қағидасы

7-кесте. СБШ бойынша 4-біліктілік деңгейіндегі кестешінің құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі

3-1)	Кесте сапасын тексеруде өз бетімен жоспарлауды және жуапкершілікті көздейтін басшының басқаруымен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Кестенің сапасын тексеру	Техникалық регламентке сәйкес кесте сапасының негізгі көрсеткіштері
------	---	--------------------------	---

"Тігін өндірісі және киімді модельдеу"
кәсіби стандартына 3-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуіші (КМЖ)	
Базалық топ	5146- Жеке іс тігумен және киім мен аяқ киімді жөндеумен айналысатын қызметкерлер
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	46-шығарылым, Тігін өндірісі (Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы "24" желтоқсандағы № 493-ө-м бұйрығымен бекітілген)
БТБА бойынша кәсіп	Тігіп пішуші (4-7)
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
3	4-5
4	6-7

2-кесте. Тігіп пішушінің еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Тігін кәсіпорындарындағы жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	жоқ	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқ болуы (086 нысан бойынша анықтама), ТҚ бойынша нұсқамадан өту	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибе немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кезде кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).	Талап етілмейді
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.	СБШ 3-деңгейінде кем дегенде 3 жыл

3-кесте. Тігіп пішуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

--	--

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірліктері)
1	Материалды таңдау және дайындау, төсеме сапасын тексеру, шағын ақауларды жою
2	Тігін бұйымдарын пішу
3	Үлгінің сапасы мен жиынтықталуын тексеру

4-кесте. Тігіп пішуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Тоқыма материал	Құрылғылар	1-1) Материалды таңдау және дайындау
	Тоқыма материал	Құрылғылар	1-2) Төсеме сапасын тексеру
	Жабдық	Пішу жабдығы	1-3) Пішу жабдығын іске қосу
2	Ірі бөлшектер	Пішу жабдығы	2-1) Ірі бөлшектерді пішу
	Ұсақ бөлшектер	Пішу жабдығы	2-2) Ұсақ бөлшектерді пішу
3	Пішім	Құрылғылар	3-1) Пішімнің жиынтықталуы
	Пішім	Құрылғылар	3-2) Пішім сапасын тексеру

5-кесте. СБШ бойынша 3-біліктілік деңгейіндегі тігіп пішушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
1-1)	Материалды пішуге таңдау және дайындау кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Тоқыма материалдың ақауларын табу	Материалдың қасиеттері
1-2)	Төсеме сапасын тексеру кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пішу картасына сәйкес төсеме салу	Пішу кезіндегі маталардың түрлері мен тәсілдері, төсемеге қойылатын талаптар

1-3)	Жабдықтың аздаған ақауларын жою кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Жабдықтың аздаған ақауларын жою	Бағдарламалық жасақтамасы бар жабдықтың негізгі жұмыс істеу принциптері
2-1)	Төсеу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Материалдарды және бұйымға жұмсалатын материал нормаларын ұтымды пайдаланумен пішу	Ірі бөлшектерді пішу технологиясы
3-1)	Жеке бөлшектерді пішу кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ұсақ бөлшектерді пішу	Пішу талаптары, ұсақ бөлшектерді технологиялық пішу режимдері
2-2)	Ірі бөлшектерді пішу кезінде өз бетінше жоспарлауды және жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Ұсақ бөлшектерді пішу	Пішуге қойылатын талаптар, ұсақ бөлшектерді технологиялық пішу режимдері
3-2)	Пішілген бөлшек сапасын бағалау кезінде өз бетінше жоспарлауды және жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет	Пішілген бөлшек сапасын тексеру	Пішілген бөлшектердің негізгі көрсеткіштері, пішуді жиынтықтау кезіндегі талаптар

6-кесте. СБШ бойынша 4-біліктілік деңгейіндегі тігіп пішушінің құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
	Міндеттерді өз еркімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске		

2-2)	асыруды бақылауын, жеке модельдеуді қажет ететін киімнің аса күрделі, көркем бұйымдарын жасау, жаңа модельдерді әзірлеуге қатысу үшін жауапкершілікті көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет	Күрделі бұйымдарды дайындау	Киімді құрастыру мен материалды пішудің технологиялары мен озық әдістеріне қойылатын талаптар
------	--	-----------------------------	---

"Тігін өндірісі және киімді модельдеу"
кәсіби стандартына 4-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуіші (КМЖ)	
Базалық топ	3111 – техник-технолог
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	-
БТБА бойынша кәсіп	-
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтары
Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы	
СБШ біліктілік деңгейі	Санаттар
КС бойынша лауазымы	техник-технолог
4	4

2-кесте. Техник-технологтың еңбек жағдайына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар)	Тігін кәсіпорындарындағы жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	жоқ	
Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары	Медициналық қарсы көрсетілімдердің жоқ болуы (086 нысан бойынша анықтама), ТҚ бойынша нұсқамадан өту	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4.1	Техникалық және кәсіптік білімнің белгіленген біліктілік деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі	Жұмыс өтіліне талаптардың көрсетіліуізі
4.2	Техникалық және кәсіптік білімнің белгіленген біліктілік деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі	Санатсыз техник лауазымында жұмыс өтілі кем дегенде 2 жыл

3-кесте. Техник-технолог орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

--	--

Еңбек функциясының №	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірліктері)
1	Бұйымдарды дайындауға материалдар пакетін құрастыру, жобалық-техникалық құжаттаманы ресімдеу
2	тігін бұйымдарын дайындау цехтарын жобалау, пішуді ұйымдастыру, тігушілер, тігіншілердің жұмысын ұйымдастыру
3	Өңделген бөлшектердің, түйіндердің және өңделген бұйымның Сасаны тексеру, еңбек қорғау талаптарын сақтауды бақылау

4-кесте. Техник-технолог орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функциясының №	Еңбек мәні	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Тоқыма материал, пішім	Лекало	1-1) Тігін бұйымдарын дайындауға арналған материалды таңдау және дайындау
	Тоқыма материал, пішім	Лекало, компьютерлік бағдарлама	1-2) Пішім сапасын тексеру
	Тоқыма материал, пішім	Тігін жабдығы	1-3) Тігін жабдығын дайындау (тазалау, толтыру)
2	Материал, пішім	Тігін жабдығы, жіптер	2-1) Жеке бөлшектерді тігу
	Жартылай фабрикаттар	Тігін жабдығы, жіптер	2-2) Жеке түйіндерді тігу
	Жартылай фабрикаттар	Тігін жабдығы, жіптер	2-3) Дайын бұйымды тігу
3	Бұйым	Құрылғылар	3-1) Өңделген бөлшек сапасын тексеру
	Бұйым	Техникалық өлшеу табелі	3-2) Өңделген түйіннің сапасын тексеру
	Бұйым	Техникалық өлшеу табелі	3-3) Өңделген бұйымның сапасын тексеру

5-кесте. СБШ бойынша 4-біліктілік деңгейіндегі техник-технологтың құзыреттеріне қойылатын талаптар

Міндет №	Жеке және кәсіби құзыреттері	Біліктері мен дағдылары	Білімі
1-1)	Материалды таңдау және дайындау кезіндегі бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын	Тоқыма материалдың сапасы мен ақауларын табу	

	басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызметінде		Тоқыма материалдың қасиеттері
1-2)	Пішу сапасын тексеру кезіндегі бағынышты қызметкерлердің міндет-терді өз бетімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызметінде	Пішу ақауларын табу	Пішу ақауларының түрлері
1-3)	Жабдықтың аздаған ақауларын жою кезіндегі бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызметінде	Жабдықтың аздаған ақауларын жою және толтыру	Пішу және тігін жабдығының негізгі жұмыс істеу принциптері
2-1)	Жеке бөлшектерді тігу кезіндегі бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызметінде	Тігін жабдығын қолданумен жеке бөлшектерді технологиялық өңдеу	Тігін машиналарының, оның ішінде автоматты және жартылай автоматты машиналардың жұмыс істеу принципі, жеке бөлшектерді өңдеудің технологиялық режимдері

2-2)

Жеке бөлшектерді тігу кезіндегі бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетімен белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызметінде

